

«Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми
кітапханасы» КММ Ақпараттық-библиографиялық
қамтамасыз ету бөлімі



Арқалығым – киелі құт мекенім

Жоғарғы Кеңестің жарлығымен
Арқалық қаласы
Торғай облысының орталығы
болып жарияланғанына 55 жыл

Библиографиялық көрсеткіш



Арқалық, 2025 жыл



Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ
Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

Арқалығым – киелі құт мекенім

Жоғарғы Кеңестің жарлығымен Арқалық қаласы Торғай облысының
орталығы болып жарияланғанына 55 жыл

Библиографиялық көрсеткіш

ӘОЖ 091
ҚБЖ 63.3 (5 Каз)
А 78

Құрастырушы: М.Г.Жумағалиева
Шығарылымға жауапты: Ж.К.Абжанова
Мұқабаны безендірген: М.Г.Жумағалиева
Редактор: С.А.Алматова

«Арқалығым – киелі құт мекенім» [Мәтін] : [Жоғарғы Кеңестің жарлығымен Арқалық қаласы Торғай облысының орталығы болып жарияланғанына 55 жыл толуына арналған]: библиографиялық көрсеткіш /Арқалық қаласындағы облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі; [құраст.: М.Г.Жумағалиева; шығарылымға жауапты: Ж.К. Абжанова; ред.: С.А. Алматова]. – Арқалық : [б.б.], 2025. – 28 б. – Сурет. – Қазақ тілінде.

Ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі Арқалық қаласының Торғай облысының орталығы болып жарияланғанына 55 жыл толуына орай библиографиялық көрсеткіш дайындады.

Шағын көрсеткіште Арқалық қаласының тарихы, оның облыс орталығы болып жарияланғаны, одан кейінгі даму жолы жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 78
ҚБЖ 85.31
© М.Г.Жумағалиева

Құрастырушыдан

Бұл библиографиялық көрсеткіш Жоғарғы Кеңестің жарлығымен Торғай облысының орталығы Арқалық қаласы болып жарияланғанына 55 жыл толуына орай дайындалды. «Арқалығым – киелі құт мекенім» атты көрсеткіш Арқа төсіндегі ару қаланың тарихы мен дамуына, рухани және мәдени өміріне, елге еңбегі сіңген тұлғаларына қатысты материалдарды қамтиды.

Көрсеткіштің мақсаты – туған өлкенің өткені мен бүгіні туралы деректерді жүйелеу. Қаланың тағылымды тарихын насихаттау және оқырман қауымға рухани азық болар мәлімет ұсыну.

Материалдар кітаптар мен мерзімді басылымдар беттерінен, сондай-ақ электрондық ақпарат көздерінен жинақталып, тақырыптық тұрғыда реттеліп берілді. Библиографиялық көрсеткіш кітапхана мамандарына, зерттеушілерге және ұстаздар мен студенттерге, туған жер тарихына қызығушылық танытқан барша оқырманға арналған.

Торғай өңірінің орталығы – Арқалықтың қалыптасу шежіресі



Арқалық қаласы – Қостанай облысының оңтүстігінде, Торғай даласының жүрегінде орналасқан өнеркәсіп және мәдениет орталығы. Қаланың тарихы XX ғасырдың орта шенінен бастау алады. Қазіргі Арқалық қаласы орналасқан жердің байырғы аты – «Қызылқозы» деп 1951 жылға дейін аталған. Мидай далада көз тоқтатар тұлдыр жоқтың. Төңіректі қызыл

бояумен бояп қойғандай. Жаңбыры мен қар суы айырып-айырып тастаған топырақ, асықтай шашылған қызыл тастар. Бұл боксит кені еді. Жергілікті халық киіз үйдің сүйегі – кереге мен уық бояуға осы топырақты алдыратын болған. Ол әрі жұғымды, әрі ұзақ уақыт өңін жоғалтпайтын беріктігімен бағаланыпты. 1947 жылдан 1950 жылға дейін қазақтар жағы Арқалық руднигінің ар жағындағы сайдың бетінде жартысы жерден қазылып, үстіне шым қаланған үйлерде тұрып келді. Оны жергілікті халық «Копай город» деп атайтын.



1947 жылы үлкен маман-геолог Алексей Николаевич Волков басқарған шағын отряд самолетпен Қызылқозыға келді. Ал 1949 жылы поселкеде алғашқы шым үйлер пайда болды. Кішкентай отрядтың тиянақты да жемісті зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1950 жылы геологиялық партия ірі экспедицияға айналды.

1950 жылдары мамыр айының ортасынан бастап, ескі Арқалықтың орнына құрылыс салына бастады. Арқа төсіндегі ару қала Арқалық қаласының құрылуы боксит пен алюминий тотығы кенішінің табылуымен тығыз байланысты. Кеннің қоры анықталғаннан соң оны өндірістік негізде игеру қолға алына бастады. Сол себепті 1950 жылы 13 қазанда Қостанай облысының атқару комитетінің шешімімен Торғай боксит кенін игеруге байланысты жұмысшы поселкесі болып қаланған.

1955 жылы қыркүйекте «Тургайалюминстрой» тресінің орны белгіленіп, сол кездегі Амангелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы

Т.Бодамбаев, экспедицияның саяси бөлімінің бастығы М.Бүркітов, құрылыс маманы Д. Адырбаев қаланың алғашқы қазығын қақты. Сол көшеге Бейбітшілік (қазіргі М.Демченко) аты берілді.

1956 жылдың сәуір айында Торғай боксит кен басқармасы мен «Алюминстрой» құрылыс тресті ашылуына байланысты Арқалық (Қызылқозы) жаңа бет бұрыспен дамыды. Құрылыс жұмысына сол кездегі Кеңес үкіметіне



қарайтын елдерден мыңдаған жастар ағылып келе бастады. Халықтың келуіне байланысты орта мектеп ашылып, оның тұңғыш директоры Балдинов Батырхан болды.

1956 жылдың 27 қазаны күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің жарлығымен Арқалық поселкесі құрылды. Бұл Арқалық қаласының құрылған күні болып жылнамаға

енді. Қысқа мерзім ішінде қаланың өсуіне елдің түкпір-түкпірінен келген жастардың және тұрғылықты халықтың ерен еңбегі себепші болып, әсем архитектуралық үлгімен салынған тұрғын үйлер мен ғимараттар, кең көшелер сап түзеп, Арқалық жас құрылысшылардың екінші Отанына айналды.



Арқалық қаласының тарихы бірден құрылған жоқ. 1956 жылдан Қызылқозы поселкесі аты өзгертіліп, Аллюминстрой деп 1962 жылға дейін аталды. 1962 жылы Торғай боксит рудниктерін қазу жұмысының бірінші кезеңі аяқталды. Кен қазу 1961 жылы басталғанмен Торғай боксит рудниктерінің негізгі жұмысы 1963 жылдың желтоқсан айында басталды. Ал екінші

кезегі 1968 жылдың ақпанында іске қосылды.

1962 жылы Кеншілер поселкесі Арқалық аудан орталығына айналды. Арқалық ауданына бірінші хатшы болып Аманкелді ауданының өндіріс басқармасының бастығы Оразалы Қозыбаев тағайындалды. Атқару комитетінің бастығы Василий Горбачев болды. 1964 жылы Оразалы Қозыбаев өзі құрған ауданға «Арқалық» атауын берді. 1965 жылы 30 маусымда Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен Арқалыққа аудан басшылығындағы



қала статусы берілді. Сонымен кеншілер қаласы Арқалық құрылды. Қала күннен күнге көркейіп, алғашқы көп қабатты үйлер, мектептер, емханалар, балалар бақшасы басқа да әлеуметтік нысандар салына бастады. Қалада ең бірінші 1964 жылы қазіргі Өзбекәлі Жәнібеков атындағы театр салынды. Ағаштар отырғызылып, көшелер асфальттала бастады.



1965 жылдан бастап Арқалыққа Целиноград-Арқалық жолаушылар пойызы жүре бастады. 1964-65 жылдары әуе қатынасы тұрақтандырылып 1965 жылы қазіргі «Северный» поселкесі тұрған жерде ұшақтар қонатын аэропорт болды. Солай Арқалық-Аманкелді-Қостанай әуе қатынасының дамуы қаланың тез арада өсуіне, оның экономикалық дамуына, халық

шаруашылығының қуатын арттыруға зор ықпал етті. 1966 жылы Арқалықта тұңғыш ауыл шаруашылық техникумы ашылды. Темір жол, боксит рудниктерін салуды және іске қосуды тездете түсті.

1970 жылы 23 қарашада Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының жарлығымен Торғай облысы болып құрылды. Оған Қостанай облысынан Аманкелді, Арқалық, Жангелдин, Октябрь аудандарының, Целиноград (Ақмола) облысынан Державин, Есіл, Жақсы, Жаңадала аудандарының аймақтары енгізілді. Кейін Амантоғай ауданы құрылды.



1976 жылы жер көлемі 111,9 мың км², халқы 271 мың адам болды. Әкімшілік жағынан 9 ауданға бөлінді, құрамына Арқалық, Есіл, Державинск қалалары енді. 104 аудан және ауылдық кеңес 1 қала типтес поселкелік (Жақсы) кеңес құрылды. Әкімшілік орталығы Арқалық қаласы болып белгіленді. Облыстың бірінші хатшысы болып Сақан Құсайынов тағайындалды. 1970 жылдың желтоқсан айында Қазақстан Орталық Партия комитеті мен Министрлер Кеңесінің «Арқалық қаласын салдыруға қосымша шаралар» деген қаулысы шықты. Осы қаулы бойынша 1971 жылы қала құрылысына 50 млн. сом қаржы бөлініп, Арқалық қаласы екінші рет екпінді құрылыс деп жарияланды. Нәтижесінде облыс орталығы – Арқалық 10-15 жылда бой көтеріп, 17 мыңнан 70 мың тұрғыны бар әсем қалаға айналды.

Жалпы облыстың географиялық орны өте қолайлы. Жері Торғай ойпатына жататын негізінен шұрайлы жайылымдық жазық дала. Ең биік жері

Арқалық ауданында, теңіз деңгейінен 478 м биіктікте, оңтүстік бөлігі құмды. Басты пайдалы қазбалары: боксит, темір кені, қоңыр көмір, отқа төзімді саз, құрылыс материалдары. Арқалық қаласында Павлодар алюминий заводының базасы саналатын Торғай боксит кеніші, темір-бетон бұйымдары, тұрмыстық қызмет көрсету, ет комбинаттары, мұнай базасы, жылу-электр орталығы, элеватор, темір жол қатынасы, автовокзалдар, құс фабрикасы, нан, сүт заводтары, баспахана жұмыс істейді. Тұрғындарға аудандық орталық аурухана, балалар ауруханасы, емхана, туберкулез диспансері, Далалық өлке музейі, драмалық-музыкалық театр, мешіт, кітапхана, монша, қонақүйлер мен мейрамханалар қызмет көрсетеді.

Қала тарихында жарқын із қалдырған күндердің бірі – 1972 жылдың 21 қазаны деп айта аламыз. Өйткені, бұл күні Арқалық педагогикалық институты салтанатты түрде ашылып, 19 қарашада студент қатарына қабылдау күні болды. Бұл жағдай шағын қала атанған қаламызды басқа ірі қалалармен теңестірді. Сол кездерден бастау алған институтымыз талай елге, бүкіл одаққа танымал мамандар даярлап шығарды.

Тағы бір айтпай кетуге болмайтын деректердің бірі, ол 1988 жылы 2 маусымда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Торғай облысын жабу жөніндегі жарлығының шығуы. Алайда 1990 жылы 2 наурызында Торғай облысын қайта құру туралы инициативалық комитет құрылып, оның үлкен жұмыс жүргізуінің арқасында 17 тамыз 1990 жылы торғайлықтардың үміті ақталып, Торғай облысы қайта құрылды.

Халық саны артып, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағынан дамыған қаламыз 1997 жылға дейін өсіп-көркею үстінде болды. Сондай-ақ Арқалық қаласы ғарыш аймағына айналып, осы кезге дейін көптеген ғарышкерлерді ыстық ықыласпен қарсы алды.



Бүгінде нарық қыспағына шыдамай бірнеше жыл тоқырауды басынан өткізген Арқалық ешбір қаладан кем емес. Ол қала ретінде сақталып қана қалған жоқ, Жангелдин және Аманкелді аудандары кіретін оңтүстік Қостанай аймағының орталығы деген ресми мәртебеге ие болып отыр.

Арқалық экономиканы дамытып, әлеуметтік саланы өркендетуге, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға

қатысы бар мәселелердің қай-қайсысын болмасын түбегейлі шешуге қуат-қабілеті жететін дәрежеге көтерілді. Қала экономикасының жағдайына талдау жасап, бағыт-бағдарын анықтап отыру үшін арнаулы экономика басқармасы құрылған. Ол аймақта кәсіпкерлікті дамытуға жол ашып, халықтың шағын және орта бизнеспен еркін айналысуына көмектесіп отырады.

Бір кезде салына бастап, аяқталмай қалған және қаңырап бос қалып, бұзылған үйлердің құрылысы қайта қолға алынып, көп пәтерлі тұрғын үйлер пайдалануға берілді. Бұл үйлердің ішкі-сыртқы жөндеу жұмыстарының бәрі осы заманғы талапқа сай атқарылды.

Әр қаланың ол үлкен болсын, кіші болсын адам тағдыры сияқты тағдыры болады – бақытты кезі, асқақтау кезі, шарықтау кезі, қиын және құлау кездері болады. Осындай кезеңдерді біздің туған қаламыз Арқалық та басынан өткізді. Қазіргі таңда Арқалық қайта гүлденіп келе жатыр.

- Дереккөздер:** 1) Қағазбаева, Әспет. *Тарихта орны бар қала [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы] / Ә. Қағазбаева // Шамшырақ-(Арқалық қаласының студент жастар газеті). – 2006. – наурыз . – 1 б.;*
- 2) *Торғай өңірінің бас қаласы: құрылуы және даму болашағы=Главный город Торгайского региона : становление и перспективы развития [Мәтін] : [облыстық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары] / Б.І. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты. – Арқалық, – 2006. – 260 б.;*
- 3) «Арқалық қаласына 65 жыл» жинақ папкасы;
- 4) *Арқалық қаласы [Мәтін]: // Детская энциклопедия. Ред. Е. С. Цвентух. Том Аркалык – город сильных и стойких духом людей. Костанай, – 2005. – Б. 9–52.*
- 5) *Торғай елі энциклопедия. Таңатқан Рсаев. Алматы «Арыс» баспасы, – 2013. – Б. 57, 404-405*

Гүлденген Арқалық



Арқалықтың ақ таңы


Жарқын жылдар несібесін мол
жайды,
Дархан дала «миллиард» жырын
толғайды.
Мың тоғыз жүз жетпіс бірінші
жылы,
Көктем шуақ бөлеп алған
Торғайды.
Дүбірледі қазақтың тың даласы,
Қостанай мен Талдықорған арасы.
Торғай жаңа облыс боп ашылып,
Орталығы болды Арқалық қаласы.
Жаңа аймаққа шақырып бар
жастарды,
Жапан түзде ұлы жорық басталды.
Өзбекәлі Жәнібеков обкомды,
Хатшы болып сол кезеңде
басқарды.
Кез келгендей бағалайтын асылды,
Өнерге де өркенді жол ашылды.
«Торғай әуендері» фестиваліне,
Мұхтар, Әсет, Шәмшілерді
шақырды.
Әуежайдан түскеннен ән басталды,
Бұл фестиваль табыстырды
достарды.

Қарсы алып меймандарды кеп
түскен,
Өзбекәлі өзі жүріп басқарды.
Сұлу сазы барлық жанға ұнамды,
Арқалыққа арнаңыздар бір әнді.
Вальс, мейлі марш, өзге әуен,-деп,-
Өзбекәлі сазгерлерден сұранды.
Жазу керек көріністі шынайы,
Қала осылай батпақ па еді ұдайы?
– Әсер алар,-деді Шәмші,-нелер
бар,
Жүргізбейді көшелердің лайы.
Сыпайылап тамыр басты тағы да,
Отырғызып қақ төрдегі жанына.
Әсер керек,-деді Шәмші қайталап,
Өзбекәлі көшті қыңыр жағына.
Қолданарлық табылмады басқа
айла,
– Жұмыстар көп,-деді басшы,-бос
қойма!
Жаяу жүріп көрсін лай, батпақты,
Қалдаяқов кетпейді енді ешқайда.
Осылайша қонақ күту өзгерді,
Меймандарға ойланатын кез келді.
Арқалыққа өлең жазсын ақындар,
Жібермейміз ән жазбаған сазгерді!

Қала думан шырқалады жастық үн,
Паш еткендей халықтардың
достығын.
Фестивальға келгендерге ой салды,
Қиын болып мына шарты
басшының.
Бұл бәйгеде бұрын келіп бәрінен,
Өн сәйкес кеп өлеңінің мәнімен.
Әсет шықты көп ішінен сытылып,
«Арайлым, Арқалығым» әнімен.
Сәтті шығып қағаздағы «шатпағы»,
Болар бәлкім, бүкіл елдің мақтаны.
Шәмшіменен асқақтаған бір әуен,
Келді өмірге «Арқалықтың ақ
таңы».
«Жатырқап кетпе жаным,
Мен ертең аттанамын.
Өзіңді Арқалықтың,
Ақ таңы деп білемін.
Қайырмасы:
Қара көзіңнен мөлдір,
Торғайдың даласын көрдім.
Мен айналдым сенің ақ
пейіліңнен...»

Арайланып алтын күннің шуағы,
Дала төсін сары сағым буады.
Тарихы боп қала берер қаланың,
Тамаша әндер кейде осылай туады.
Басқалардай саясатқа жетік пе ең,
Ел не дейді мына жайды есіткен.
Мен өмірде,-дейді Шәмші,-
қорқамын,
Мілисадан сосын Жәнібековтен.
Өркен жайған қала барша мақтаны,
Құрыш жастар ел сенімін ақтады.
Нұрлы-нұрлы шуағына бөлейді,
Арайланған Арқалықтың ақ таңы.

Авторы: Ескермес Жақсымбетұлы



Арқалық қаласы туралы әдебиеттер

1. Алтын дала. Қостанай облысы=Костанайская область [Мәтін] : [фотокнига] / құраст.: Г. Дильдяев. – Алматы: Атамұра, – 2005. – 352 б.
2. Арқалық қаласы [Мәтін] : // Детская энциклопедия. Ред.: Е. С. Цвентух. Том Арқалық – город сильных и стойких духом людей. Костанай, – 2005. – Б. 9 – 52.
3. Жаңарған ел-жаңғырған атаулар [Мәтін] : [1993-2007 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясының қарауына ұсынылған құжаттар және қабылданған ұйғарымдардың жинағы] / жалпы ред басқ.: Ш. Құрманбайұлы ; құраст.: С. Сәлемов ; Е. Төреханова. - Астана: Көкше-Полиграфия, 2012. – 288 б.; 21 см
4. Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде [Мәтін] : 6-том. Тама / құраст.: Қияқбаева Р. Н., Байқонақова Б. С., Қиятова Ш. Ж. және т. б. – Алматы: Алаш, 2009. – 440 б.; 22 см.
5. Қостанай облысы Торғай аймағы көрікті жерлерінің ақпаратты бағдар тізбесі=Информационно-маршрутный каталог достопримечательностей Костанайской области Торгайского региона [Мәтін] : [жолсілтеме]. – Қостанай: Шапақ, – 2011. – 122 б.
6. Ситников, Л. А. Торғай алыбының тынысы [Мәтін] : / Л.А. Ситников. – Алматы: Қазақстан, – 1979. – 99 б.; 20 см
7. Торғай елі [Мәтін] : энциклопедия / құраст.: Т. Рсаев. Алматы: Арыс, – 2013. – 456 б.: сурет. + 16 бет жапсырма; 25 см. – (Жаңа энциклопедия Арыс)
8. Торғайдың кенді жүрегі=Рудное сердце Торгая [Мәтін] : / редкол.: А. Ибрагимов ж.б. – Алматы: ИД "Казахстаника", – 2006. – 144 б.
9. Торғай өңірінің бас қаласы: құрылуы және даму болашағы=Главный город Торгайского региона : становление и перспективы развития [Мәтін] : [облыстық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары] / Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты. – Арқалық, – 2006. – 260 б.
10. Торғай облысы=Тургайская область [Мәтін] : [суретальбом] / мақалалар авт.: С. Мәуленов; суреттер Қ. Мұстафин мен П. Симоновтікі. – Алматы: Өнер, – 1983. - 61 б.: фотосурет.; 20 см

Арқалық қаласы жайлы мерзімді басылымдарда



2025

1. Әлмағамбетов, Нұрлыбек. Торғайға жеткен жақсы жаңалық [Мәтін] : / Н. Әлмағамбетов // Аманкелді арайы. - 2025. – 27 наурыз. – Б. 1..
2. Бағдары айқын, болашағы жарқын [Мәтін] : [облыс әкімі Құмар Ақсақалов Арқалық қаласына жұмыс іс сапармен барды] / [газ. ред.] ; Суреттерді түсірген – Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2025. – 17 қыркүйек. – Б. 3–4..
3. Бірегей стиль, жаңа келбет: вокзал ғимаратына реконструкция жасау жоспарда бар [Мәтін] : [Арқалық қаласына жұмыс сапарымен ҚР Көлік министрі Марат Қарабаев келді] / «АХ» // Арқалық хабары. – 2025. – 11 сәуір. – Б. 1..
4. Жүнісұлы, Мұрат. Табиғат байлығы – ел байлығы [Мәтін] : [Арқалық қаласының кен орындары мен экологиялық мәселелері] / М. Жүнісұлы ; Суреттерді түсірген – автор // Қостанай таңы. - 2025. – 9 сәуір. – Б. 5..
5. Калиева, Азия. Туған қаланың тарихы [Мәтін] : [ғарыш айлағы туралы] / А. Калиева // Жаңа өмір. – 2025. – 21 наурыз. – Б. 9..
6. Нәбиқызы, Азия. Арқалық қаласы мәртебесіне 60 жыл [Мәтін] : [қала атауын алғаны туралы] / А. Нәбиқызы // Жаңа өмір. – 2025. – 30 мамыр. – Б. 3..
7. Ыбырай, Әлібек. Құмар Ақсақалов: «Әуежайды қалпына келтіру – маңызды қадам» [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы әуежайдың қызметін қайта іске қосу жұмыстары биыл басталады] / Ә. Ыбырай ; сурет ашық дереккөзден алынды // Қостанай таңы. – 2025. – 17 қаңтар. – Б. 2.

2024

8. Жүнісұлы, Мұрат. Ахуалың қалай, Арқалық? [Мәтін] : [Арқалық қаласына арнайы жұмыс сапарымен облыс әкімі Құмар Ақсақалов келді] / М. Жүнісұлы ; суреттерді түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2024. – 6 ақпан. – Б. 5..
9. Жүнісұлы, Мұрат. Жаңа жоба – жаңа жұмыс орны [Мәтін] : [Арқалық қаласының экономикасын кезеңімен әртараптандыру жолында жалпы құны

32 млрд 400 млн теңге болатын жобалар іске асырылады] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2024. – 17 шілде. – Б. 3..

10. Садырбеков, Амангелді. Абыройлы азамат, білікті басшы [Мәтін] : [Арқалықты басқарып отырған Әмірхан Біркенұлы Асанов] / А. Садырбеков // Қостанай таңы. – 2024. – 18 қазан. – Б. 6..
11. Сәулет саласының саңлағымен сұхбат: «Адал қызмет етсең – абыройлы боласың» [Мәтін] : [Арқалық қаласында, архитектура саласында жарты ғасырға жуық қызмет атқарған азамат Қажымұқанбет Әбдікұлымен сұхбат] / [газ. ред.] // Арқалық хабары. – 2024. – 9 тамыз. – Б. 3

2023

12. Бірқатар жоба қолға алынды [Мәтін] : [Арқалық қаласында үш инвестициялық жоба іске асырылатын болады] / бетті дайындаған Бақыт Тұраш ; суреттер ғаламтордан алынды // Қостанай-АГРО. – 2023. – 30 қараша. – Б. 11..
13. Жаңа серпін бермек [Мәтін] : [Арқалық қаласының дамуы] / бетті дайындаған Бақыт Тұраш ; суреттер Қостанай облысы әкімінің баспасөз қызметінен және интернеттен алынды // Қостанай-АГРО. – 2023. – 6 шілде. – Б. 4..
14. Жүнісұлы, Мұрат. Серпінді істердің септігі зор [Мәтін] : [Арқалық қаласының дамуы] / М. Жүнісұлы ; суреттерді түсірген автор // Қостанай таңы. – 2023. – 9 тамыз. – Б. 5..
15. Жүнісұлы, Мұрат. Ірі жобалар іске асады [Мәтін] : [Арқалық қаласында өңір экономикасының өнеркәсіп секторын дамыту жолы] / М. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2023. – 21 қараша. – Б. 2..
16. Мұқанов, Абай. Елдің бағыты айқын [Мәтін] : [Арқалық қаласының дамуы] / А. Мұқанов // Қостанай таңы. – 2023. – 10 ақпан. – Б. 4..
17. Ыбырай, Әлібек. Әмірхан Асанов: «Арқалықтың келешегіне күмән келтірмеймін» [Мәтін] : [Арқалық қаласының әкімі Ә. Асановпен сұхбат] / Ә. Ыбырай ; суреттерді түсірген Бейбіт Мейрамұлы // Қостанай таңы. – 2023. – 16 тамыз. – Б. 4 – 5..
18. Ыбырай, Әлібек. Келбеті түзік, келешегі кемел [Мәтін] : [Арқалық қаласының дамуы] / Ә. Ыбырай ; суреттерді түсірген Бейбіт Мейрамұлы // Қостанай таңы. – 2023. – 25 тамыз. – Б. 12–13..

2022

19. Байназаров, Ғалым. Торғай: Кешегісі, бүгіні, ертеңі [Мәтін] : / Ғ. Байназаров // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2022. – 14 мамыр. – Б. 5. – ISSN 1999-9720.
20. Қанғожин, Аслан. Торғайлықтардың бейбіт митингі [Мәтін] : [Қостанай орталығында Торғай облысының қайта ашылуын қолдауға арналған митинг ұйымдастырылды] / А. Қанғожин ; суретті түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2022. – 4 мамыр. – Б. 6..
21. Ыбырай, Әлібек. Торғай ештеңеден кенде қалған жоқ [Мәтін] : [Жангелдин ауданының әкімі Шота Оспановпен сұхбат] / Ә. Ыбырай ; суреттерді түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2022. – 8 маусым. – Б. 4..

2021

22. Амантайұлы, Дархан. Қалаға жаңа әкім тағайындалды [Мәтін] : [Арқалық қаласына жаңа әкім Әмірхан Біркенұлы Асанов тағайындалды] / Д. Амантайұлы // ARQALYQ habary. – 2021. – 7 мамыр. – Б. 1.
23. Жақып, Әділбек. Түлеген өңір [Мәтін] : [Торғай өңірі] : журналист дәптерінен / Ә. Жақып // Қостанай таңы. – 2021. – 18 маусым. – Б. 11..
24. Жүнісұлы, Мұрат. Арқалық – ару таңдағы ; Арқалық, сені жырлаймын... ; Қызылқозы ; Арқалық – ару қала арқадағы [Мәтін] : [өлеңдер] / М. Жүнісұлы // ARQALYQ habary. – 2021. – 24 қыркүйек. – Б. 6.
25. Жүнісұлы, Мұрат. Арқалық қаласына – 65 жыл [Мәтін] : [Арқалықта қала күні аталып өтілді] / М. Жүнісұлы ; суреттерді түсірген автор // Қостанай таңы. – 2021. – 28 қыркүйек. – Б. 5..
26. Жүнісұлы, Мұрат. Арқалықтың ажарын ашты [Мәтін] : [биыл Ата заңымыздың мерейлі мерекесі қалада бірнеше маңызды нысандардың салтанатты ашылу рәсіміне сәйкес келді] / М. Жүнісұлы ; суретті түсірген Бердіболат Көркембаев // Қостанай таңы. – 2021. – 1 қыркүйек. – Б. 4..
27. Жүнісұлы, Мұрат. Қос нысан ашылды [Мәтін] : [Арқалық қаласында «Денсалық» сауықтыру орталығы мен автодромның салтанатты ашылуы өтті.] / Мұрат Жүнісұлы ; суретті түсірген автор // Қостанай таңы. – 2021. – 9 шілде. – Б. 5
28. Жүнісұлы, Мұрат. «Өлкеден шыққан тарландар» [Мәтін] : [мерейтойлар көрмесі] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2021. – 14 мамыр. – Б. 16.
29. Қала тынысымен танысты [Мәтін] : [Арқалық қаласының әкімі Әмірхан Асанов «Агроинтеркүс» ЖШС жұмыс барысымен танысты] / бетті дайындаған Маржан Алпыс // Қостанай-АГРО.

– 2021. – 20 мамыр. – Б. 17.

30. Таткенова, Жұпар. Қаланың құрылу тарихы [Мәтін] : / [Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінің ақпараты бойынша] / Жұпар Таткенова // Арқалық хабары. – 2021. – 10 қыркүйек. – Б. 6.; 17 қыркүйек. – Б. 3.; 1 қазан. – Б. 4, 6, 7.
31. Таткенова, Жұпар. Арқалық қаласына – 65 жыл [Мәтін] : / Ж. Таткенова // ARQALYQ habary. – 2021. – 24 қыркүйек. – Б. 1, 3–4.

2020

32. Амантайұлы, Дархан. Кезекте тұрғандарға баспана алуға мүмкіндік беретін жаңа бағдарлама Арқалыққа қашан келеді?! [Мәтін] : [қаладағы баспана мәселесі] / Дархан Амантайұлы // ARQALYQ habary. – 2020. – 21 тамыз. – Б. 3.
33. Арқалықтың аяқ алысы қалай? [Мәтін] : [қаланың дамуы] / «АХ» ARQALYQ habary. – 2020. – 14 тамыз. – Б. 3.
34. Әбдісағит Тәтіғұлов – инженер, ғалым, ұстаз, өндіріс ұйымдастырушысы және жетекшісі болды [Мәтін] : [Әбдісағит Тәтіғұлов] / Арқалық қаласы әкімінің аппараты // ARQALYQ habary = Торғай. – 2020. – 28 ақпан. – Б. 7.
35. Жүнісұлы, Мұрат. Алтын бұйымдар табылды [Мәтін] : [Арқалық қаласында] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 30 маусым. – Б. 2.
36. Жүнісұлы, Мұрат. Қала дамуы қалыпты [Мәтін] : [Арқалық қаласының дамуы жайлы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 12 тамыз. – Б. 5.
37. Жүнісұлы, Мұрат. Қайта түлеген Арқалық [Мәтін] : [Арқалық қаласының дамуы жайлы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 19 тамыз. – Б. 5.
38. Қожахметұлы, Еркін. Аралдағы Арқалық [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы] / Е. Қожахметұлы // ARQALYQ habary. – 2020. – 11 желтоқсан. – Б. 6; – 18 желтоқсан. – Б. 6.
39. Сансызбаев, Елжан. Арқалық – ғарыш айлағы [Мәтін] : / Елжан Сансызбаев // Қостанай таңы. – 2020. – 14 сәуір. – Б. 8.
40. Терек, Рауан. Торғайдан ескен бір самал [Мәтін] : [журналист-жазушы Ахметхан Байжан] / Рауан Терек // ARQALYQ habary. – 2020. – 24 шілде. – Б. 3.

2019

41. Әкімнің орынбасары тағайындалды [Мәтін] : [жаңа тағайындау] / «АХ» // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 5 шілде. – Б. 3.
42. Әлімғазина, А. Арайлы Арқалығым! [Мәтін] : [кітапханадағы іс-шара] / А. Әлімғазина // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 4 қазан. – Б. 6.
43. Болмысы бөлек Бораш [Мәтін] : [мәдениет қайраткері Боранбай Әбенәпен сұхбат] / сұхбаттасқан Дархан Амантайұлы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 15 наурыз. – Б. 4.
44. Жастардың есімі «Алтын кітапқа» енді [Мәтін] : [Арқалықта жастарды марапаттау] / [газ. ред.] // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 27 желтоқсан. – Б. 1, 4.
45. Хасенова, Зайгүл. Арқалықтың болашағы – бүгінгі жас буынның қолында [Мәтін] : [кітапханадағы іс-шара] / Зайгүл Хасенова // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 20 ақпан. – Б. 5.

2018

46. Амантайұлы, Дархан. Арқалық қаласының құрылғанына 62 жыл толады [Мәтін] : / Д. Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 19 қазан. – Б. 1.
47. Амантайұлы, Дархан. Арқалықтың жаңа әкімі – Эльдар Күзенбаев [Мәтін] : [жаңа тағайындау] / Дархан Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 6 шілде. – Б. 1.
48. Амантайұлы, Дархан. Қала әкімі есеп беріп, ел көкейіндегі мәселені айтты [Мәтін] : [Арқалық қаласының әкімі Амантай Балғариннің есебі] / Дархан Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 9 ақпан. – Б. 1.
49. Амантайұлы, Дархан. Көшелі іс көшеден басталады [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы ономастика мәселесі] / Дархан Амантайұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 20 қараша. – Б. 6.
50. Амантайұлы, Дархан. Сенат төрағасының орынбасары: «Арқалықтың мәселелері назарымызда болады» [Мәтін] : / Дархан Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 6 сәуір. – Б. 1.
51. Жапарұлы, Молдатай. Арқаның көркі – Арқалық [Мәтін] : [өлең] / Молдатай Жапарұлы // Арқалық хабары. – 2018. – 19 қазан. – Б. 5.
52. Жүнісұлы, Мұрат. Бектас Бекназаров, ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары, ҚР Құрметті судьясы: «Тұрақтылық болса, бәрі болады» [Мәтін] : [Арқалыққа жұмыс сапары] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 4 сәуір. – Б. 1, 2.
53. Жүнісұлы, Мұрат. Көшеге көңіл бөлінбек [Мәтін] : [Арқалық қаласында] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 29 мамыр. – Б. 4.

54. Жүнісұлы, Мұрат. Нәтижелі қадам – дәйекті даму [Мәтін] : [Арқалық қаласы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 20 сәуір. – Б. 4.
55. Жүнісұлы, Мұрат. В. К. Божко, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары: «Арқалық алға басады» [Мәтін] : [Арқалыққа жұмыс сапары] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 10 қаңтар. – Б. 3.
56. Жүнісұлы, Мұрат. «Өмірімді баспасөз қызметіне арнадым» [Мәтін] : [дейді Қазақстанның құрметті журналисі, Арқалық қаласының құрметті азаматы Жақсылық Жүнісұлы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2018. – 5 қаңтар. – Б. 5.
57. Қала басшысы қарт майдангерлерді құттықтады [Мәтін] : [Арқалық қаласының әкімі Балғарин Амантай] / «АХ» // Арқалық хабары. – 2018. – 18 мамыр. – Б. 3.
58. Қонысбай, Кенже. Тұрақтылық тұғырында [Мәтін] : Облыс әкімінің Арқалық қаласына сапарынан / Кенже Қонысбай // Қостанай таңы. – 2018. – 6 ақпан. – Б. 2.
59. Облыс активі өтті [Мәтін] : [онлайн конференция] / «Торғай – ақпарат» // Торғай. – 2018. – 19 қаңтар. – Б. 1.
60. Өңірдің өнері өрісті [Мәтін] : [Арқалық қаласында XXXII-ші облыстық көркемөнерпаздар фестивалі өтті] / «Торғай – ақпарат» // Торғай. – 2018. – 9 ақпан. – Б. 3.
61. Тәтіғұлов, Әбдісағит. Төр тарихы терең Торғай [Мәтін] : [бұрынғы Торғай облысына 150 жыл] / Ә. Тәтіғұлов // Қазақ. – 2018. – 05 – 12 қазан. – Б. 8.

2017

62. Арқалық қаласының әкімі А. Балғариннің «Арқалық қаласының 2016 жылдың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және 2017 жылға перспективалар туралы» есебінің тезистері [Мәтін] : [2016 жылғы қаланың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы] // Арқалық хабары. – 2017. – 17 қаңтар. – Б. 2 – 4.
63. Досжан, Хамит. Ажарлана бер Арқалық! [Мәтін] : [қаланың қазіргі жағдайы жайында] / Х. Досжан // Торғай. – 2017. – 20 қаңтар. – Б. 4.
64. Жүнісұлы, Мұрат. АРҚАЛЫҚ: есеп берілді, ел ертеңіне сенімді [Мәтін] : [қала әкімінің есебі] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 1 ақпан. – Б. 6–7.
65. Жүнісұлы, Мұрат. Арқалықтың келешегі зор [Мәтін] : [Инфрақұрылымды дамыту – игілікті шара] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 31 мамыр. – Б. 4–5.

66. Жүнісұлы, Мұрат. Қала көркіне көңіл бөлінуде [Мәтін] : [Арқалық қаласы] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 13 қазан. – Б. 4.

2016

67. Аймағамбетұлы, Роман. Арқалық қаласы құрылуының тарихи негіздері [Мәтін] : / Р. Аймағамбетұлы // Торғай. – 2016. – 23 қыркүйек. – Б. 4.
68. Анасова, Айнаш. Торғай облысы тарихының дерек көзі - "Торғай облысының шолулары" [Мәтін] : [Торғай облысының шолулары, беттерінде Торғай облысының тарихын, мәдениетін, шаруашылық жағдайлары жазылған] / А. Анасова // Қазақ тарихы. – 2016. – № 5. – Б. 34 – 35.
69. Арқалық қаласының «Алтын кітабы» жаңа есімдермен толықты [Мәтін] / [газ. ред.] // Арқалық хабары. – 2016. – 30 желтоқсан. – Б. 3.
70. Есмағанбетов, Қайрат. Ауыл әкімдерінің есеп берулері аяқталды [Мәтін] : [қала әкімінің ауыл мәселелерімен танысып қорытынды жасауы туралы] / Қайрат Есмағанбетов // Арқалық хабары. – 2016. – 5 ақпан. – Б. 3.
71. Есмағанбетов, Қайрат. Бокситке бай өлкені барлаған [Мәтін] : [алғашқы геологтардың бірі Жақан Сахипұлы Шамшиннің ерен еңбектері жайында] / Қ. Есмағанбетов // Арқалық хабары. – 2016. – 26 тамыз. – Б. 4.
72. Жапарұлы, Молдатай. Дәрменовтер династиясы [Мәтін] : [Арқалық қаласының 60 жылдығына орай деректі әңгіме] / М. Жапарұлы // Арқалық хабары. – 2016. – 15 сәуір. – Б. 4.
73. Жапарұлы, Молдатай. Оюшы Шөптібай Байділдин 70 жаста [Мәтін] : [өлең] / Молдатай Жапарұлы // Торғай. – 2016. – 2 қыркүйек. – Б. 3.
74. Макишев, Рауан. Арқалыққа арнау [Мәтін] : [өлең] / Рауан Макишев // Торғай. – 2016. – 16 қыркүйек. – Б. 3.
75. Молдашұлы, Болат. Арайлы Арқалығым [Мәтін] : [өлең] / Болат Молдашұлы // Торғай. – 2016. – 6 шілде. – Б. 4.
76. Науан, Қали. Арайлы Арқалығым [Мәтін] : [өлең] / Қали Науан // Торғай. – 2016. – 28 қазан. – Б. 4.
77. Өмірбек, Жұмағали. Арқалығым, армысың! [Мәтін] : [ән] / Жұмағали Өмірбек ; Сөзін жазған Әбжан Әбілтаев // Торғай. – 2016. – 9 қыркүйек. – Б. 3.
78. Шайман, Серік. Өмір деген - кездесу мен қоштасу [Мәтін] : [Арқалық қаласына 60 жыл] / С. Шайман // Қостанай таңы. – 2016. – 9 тамыз. – Б. 8 – 9.

2015

79. Ордабай, Батырхан. Арайланды Арқалық ; Ару қыздар [Мәтін] : [өлеңдер] / Батырхан Ордабай // Арқалық хабары. – 2015. – 24 сәуір. – Б. 7.
80. Өз ұлдарын Отаны ұмытпайды [Мәтін] : [Арқалықта ескерткіш ашылды] // Жас өркен Қостанай. – 2015 . – № 5 . – Б. 17.

2014

81. «Арқалық болашақтың қаласына айналады» [Мәтін] : [қала әкімі Ғазиз Бекмұхамедовпен әңгіме] / Ғ. Бекмұхамедов // Қостанай таңы. – 2014. – 15 қаңтар. – Б. 4 – 5
82. Бегалы, Асылхан. Ару қалам Арқалық [Мәтін] : [өлең] / А. Бегалы // Арқалық хабары. – 2014. – 31 қазан. – Б. 7.
83. Бектемісов, Асқарбек. Арқалықтың ажары неге солғын? [Мәтін]: [Арқалықтың бүгінгі бейнесі] / Асқарбек Бектемісов // Қазақ. – 2014. – 3 – 17 қазан. – Б. 4.
84. Досжанов, Хамит. Қайран, Қызыл қозым-ай! [Мәтін] : [Қызыл қозы сөзінің дүниеге келуі туралы] / Хамит Досжанов // Торғай. – 2014. – 8 тамыз. – Б. 4.
85. Естай, Арнұр. Арқа төсінде гүлденген Арқалық! [Мәтін] : [өлең] / А. Естай // Арқалық хабары. – 2014. – 7 қараша. – Б. 3.
86. Жоламан, Нағашыбай. Арқалыққа арнау [Мәтін] : [өлең] / Н. Жоламан // Арқалық хабары. – 2014. – 30 мамыр. – Б. 5..
87. Ибадильдаев, Талғат. Арайлы Арқалығым [Мәтін] : [өлең] / Талғат Ибадильдаев // Арқалық хабары. – 2014. – 31 қазан. – Б. 7.
88. Нұрман, Сүгірбай. «Әй-Әйін» әлдилеген Арқалық [Мәтін] : [ақын Қонысбай Әбілдің поэзия кеші туралы] / Сүгірбай Нұрман // Торғай. – 2014. – 5 қыркүйек. – Б. 3.
89. Серікұлы, Ақтан. Арқалығым - қайсар қала атанған [Мәтін] : [өлең] / А. Серікұлы // Арқалық хабары. – 2014. – 31 қазан. – Б. 7.
90. Шәмші, Жұмамұрат. Ахмет Байтұрсынұлы жылап тұр [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы] / Ж. Шәмші // Мәдениет. – 2014. – № 3. – Б. 51..

2013

91. Бізге ұлттық арман керек [Мәтін] : [Арқалық қаласының әкімі Берік Әбдіғалиұлымен сұхбат] / Берік Әбдіғалиұлы ; әңгімелескен Жарасбай Сүлейменов // Егемен Қазақстан. – 2013. – 12 наурыз. – Б. 2.

92. Ділдабек, Жанерке. Арқалық – ардақ қалам [Мәтін] : [өлең] / Жанерке Ділдабек // Арқалық хабары. – 2013. – 15 қараша. – Б. 5.
93. Жәрімбетова, Нәзира. Жәуке батырға ескерткіш орнатылды [Мәтін] : [Арқалық қаласында ескерткіш орнатылды] / Нәзира Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. – 2013. – 1 қараша. – Б. 8.
94. Жүнісұлы, Мұрат. Министр қатысқан конференция [Мәтін] : [Арқалық қаласында өткен конф. ҚР Білім және ғылым министрі қатысты] / Мұрат Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 20 қыркүйек. – Б. 1 – 2.
95. Қайырбек, Ақбота. Арқалығым [Мәтін] : [өлең] / Ақбота Қайырбек // Торғай. – 2013. – 8 наурыз. – Б. 3.
96. Сейтқожина, Гүлнар. Гүлдене бер, ару қала – Арқалық! [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы] / Гүлнар Сейтқожина // Торғай. – 2013. – 23 қазан. – Б. 4.

2012

97. Алматова, Сандуғаш. Ән аялаған Арқалық [Мәтін]: [Арқалық қаласының мәдени, рухани дамуы] / Сандуғаш Алматова // Отбасы және денсаулық. – 2012. – № 9–10. – Б. 2 – 4.
98. Алматова, Сандуғаш. Ән аялаған Арқалық [Мәтін]: [Арқалық қаласының мәдени, рухани дамуы] / Сандуғаш Алматова // Отбасы және денсаулық. – 2012. – № 9 – 10. – Б. 2 – 4.
99. Арқалық қаласы мәдениетінің өткені мен бүгінгісі [Текст] : [қаланың мәдениеті мен өнер саласының дамуы туралы] / Ж. Өмірбек // Торғай. – 2012. – 9 қараша. – Б. 4.
100. Досжанов, Хамит. Қаламыздың төрінде А. Байтұрсынов [Мәтін] : [жазушы Ахмет Байтұрсыновтың ескерткішінің ашылуы туралы : суреті бар] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2012. – 2 қараша. – Б. 3.
101. Досжанов, Хамит. Айта бергім келеді, айта бергім [Мәтін] : [қаламыздың 55 жылдығына байланысты] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2011. – 16 қыркүйек. – 3 б..
102. Жапаров, Молдатай. Арқалық деген Арқада туған ұлы есім [Мәтін] : [өлең] / Молдатай Жапаров // Арқалық хабары. – 2012. – 24 қазан. – Б. 4.
103. Жүнісұлы, Мұрат. Абаттанған Арқалық! [Мәтін] : [өлең] / М. Жүнісұлы // Арқалық хабары. – 2012. – 24 қазан. – Б. 3..
104. Қыдырбек, Әбдірахман. Арқалықта алға басу бар [Мәтін] : [қаладағы өзгерістер: сурет бар] / Ә. Қыдырбек // Егемен Қазақстан. – 2012. – 28 желтоқсан. – Б. 6. – ISSN 1999-9720.

105. Қыдырбек, Әбдрахман. Өңірге өң кіргізген өзгерістер [Мәтін] : [Арқалық қаласының әкімі Берік Әбдіғалиұлымен сұхбат] / Ә. Қыдырбек ; Әбдіғалиұлы Б ; сұхбаттасқан Әбдрахман Қ // Торғай. – 2012. – 10 тамыз. – 2 б..
106. Өмірбек, Ж. Арқалық қаласы мәдениетінің өткені мен бүгінгісі [Мәтін] : [қаланың мәдениеті мен өнер саласының дамуы туралы] / Ж.Өмірбек // Торғай. – 2012. – 9 қараша. – Б. 4.
107. Өмірбек, Жұмағали. Бұрынғы мен бүгіні [Мәтін] : [Арқалық қаласының мәдени, рухани дамуы] / Жұмағали Өмірбек // Отбасы және денсаулық. – 2012. – № 9 – 10. – Б. 5.
108. Сералы, Мұрагер. Арқалық таңы арайлы [Мәтін] : [шағын қалаларды дамыту бағдарламасы бойынша Арқалық қ. туралы] / М. Сералы // Экономика. – 2012. – 24 мамыр. – 4 б..
109. Сомжүрек, Жұма-Назар. Жұлдызы Арқалықтың жанар тағы [Мәтін] : [өлеңдер] / Жұма-Назар Сомжүрек // Арқалық хабары. – 2012. – 16 қараша. – Б. 4.
110. Тоқтарбаев, Елдос. Арқалық – шалқар көкжиек [Мәтін] : [шағын қалаларды дамыту бағдарламасы бойынша Арқалық қ. туралы] / Е. Тоқтарбаев // Ана тілі. – 2012. – 31 мамыр. – 12 б..

2010

111. Жүнісұлы, Жақсылық. "Арқалық қаласы елбасы назарында" [Мәтін] : [қаламызға ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімовтің келуі] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2010. – 13 шілде. – 2 б..

2009

112. Манаспаев, М. Арайлы Арқалық өңірі қайта түледі [Мәтін] : [дағдарыс кезіндегі Арқалық қаласының экономикалық, әлеуметтік жағдайы] / М. Манаспаев ; А. Аяпбергенов (сурет) // Ел. – 2009. – 17 қараша (№ 45). – 5 б.
113. Манаспаев, М. Жұмыртқаны – көктемде, балапанды – күзде санайды [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы құс фабрикасы туралы] / М. Манаспаев // Ел. – 2009. – 24 қараша (№ 46). – 6 б..

2008

114. Айткенов, З. Торғай өңіріндегі бірден бір жоғары оқу орны [Мәтін] : [қаламыздағы жоғары оқу орны] / З. Айткенов // Арқалық хабары. – 2008. – 27 маусым. – Б. 3.

115. Аманжолов, Ердаулет. Қызылқозы мен Арқалық ортасындағы қасқа жол [Мәтін] : [Қызылқозының 60 жылдығына орай] / Е. Аманжолов // Торғай. – 2008. – 29 тамыз. – 4 б..
116. Әбдірәсіл, Ж. Астанам; Арайлы Арқалық; Туған өлкем Қазақстан [Мәтін] : [өлеңдер] / Ж. Әбдірәсіл ; Жаннұр Әбдірәсіл // Арқалық хабары. – 2008. – 30 маусым. – Б. 3.
117. Әкбарқызы, Бану. Сөйлеп тұрған Арқалық [Мәтін] : [қаламыздың теледидары туралы] / Б. Әкбарқызы // Арқалық хабары. – 2008. – 28 қараша. – 1 б..
118. Балахметқызы, Сағила. «Арқалық неге шетте қалады?...» [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы естелік] / Сағила Балахметқызы // Торғай. – 2008. – 11 сәуір. – Б. 4.
119. Боранбаев, Мінайдар. Өскен ел жайлы әңгіме [Мәтін] : [Қызылқозының 60 жылдығына орай] / Мінайдар Боранбаев // Торғай. – 2008. – 5 қыркүйек. – Б. 4.
120. Ерназаров, Түгел. Геологтар еңбегі ерен еді [Мәтін] : [Қызылқозының 60 жылдығына орай] / Т. Ерназаров // Торғай. – 2008. – 14 қараша. – 4 б.
121. Ерназаров, Түгел. Қалай басталып еді.. [Мәтін] : [Қызылқозының 60 жылдығына орай] / Түгел Ерназаров // Торғай. – 2008. – 19 қыркүйек.
122. Жүнісұлы, Жақсылық. Торғай төсі өзгерістерге толы [Мәтін] : [облыс әкімі С.В. Куллагиннің Арқалық аймағында болуы] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2008. – 20 мамыр. – 1, 6 б
123. Молдахметұлы, Қалам. Қызылқозыдан Арқалыққа дейін [Мәтін] : [соғыс және еңбек ардагері Құрманғали Қасымов туралы] / Қ. Молдахметұлы // Торғай. – 2008. – 21 қараша. – 3 б..
124. Төкенұлы, Жұматай. Арқалық: қаңыраған қалаға жадыраған кезең қайта орала ма? [Мәтін] : [қаламыздың Арқалық қаласының бүгінгі тағдыры] / Ж. Төкенұлы // Дала мен қала. – 2008. – 13 қараша. – 12 – 13 б..

2007

125. Жәрімбетова, Нәзира. Сенімін серік еткен ел [Мәтін] : [Торғай облысының тыныс тіршілігі жайлы] / Н. Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. – 2007. – 16 тамыз. – 9 б..

2006

126. Арқалық 50 жыл [Электрондық ресурс]. – Қостанай, 2006. – 1 DVD-диск.; 12 см
127. Арқалық қаласының 2006 жылға арналған бюджеті [Мәтін]: [Арқалық қалалық мәслихатының шешімі 2006 жылғы 16 наурыз № 228] //

Арқалық хабары. – 2006. – 7 сәуір. – Б. 3.

128. Баймедиева, Ғ. Бақыт қонды басымызға [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы естелік] / Ғалия Баймедиева. // Қостанай таңы. – 2006. – 30 маусым. – 8 б.
129. Ғалымбекұлы, Ғанибет. Арқалықтың ақ таңы атқан күн [Мәтін] : [Арқалық қаласының қалыптасу тарихы] / Ғанибет Ғалымбекұлы // Арқалық хабары. – 2006. – 13 қаңтар. – Б. 3. ; Қостанай таңы. – 2006. – 7 ақпан. – Б. 4.
130. Ғалымбекұлы, Ғанибет. Қош, кездескенше спартакиада [Мәтін]: [Арқалық қаласының мерейтойына орай ұйымдастырылған іс-шаралар] / Ғанибет Ғалымбекұлы // Арқалық хабары. – 2006. – 21 шілде. – Б. 3.
131. Досжанов, Хамит. Әлем таныр атақты бол, Арқалық ! [Мәтін]: [Арқалыққа - 50 жыл] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2006. – 10,17,24 ақпан.
132. Досжанов, Хамит. Бағың жансын, Арқалық! [Мәтін]: [өлеңдер] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2006. – 24 наурыз. – 4 б.
133. Қағазбаева, Әспет. Тарихта орны бар қала [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы] / Ә. Қағазбаева // Шамшырақ – (Арқалық қаласының студент жастар газеті). – 2006. – наурыз . – 1 б..
134. Қасенова, Р. Ару қала – Арқалық [Мәтін]: [Арқалық қаласының қалыптасу тарихы] / Р. Қасенова // Арқалық хабары. – 2006. – 7 сәуір
135. Қылышбайұлы, Әубәкір. Аяулы Арқалығым! [Мәтін] : [Арқалық қаласының қалыптасу тарихы] / Ә. Қылышбайұлы // Арқалық хабары. – 2006. – 5, 12 мамыр.
136. Садықова Гүлім. Асудан асуға! [Мәтін]: [Арқалық қаласы туралы] / Гүлім Садықова // Торғай. – 2006. – 10 ақпан. – Б. 4.
137. Шөкен, Майра. Жапандағы жалғыз там [Мәтін] : ["Қызылқозыға" алғашқыныстанушы Қазбаевтар жанұясы] / М. Шөкен // Торғай. – 2006. – 31 наурыз . – 4 б..

2005

138. Айтмағамбетов, Есмұхамбет. Кішкентай қаланың үмітті тірлігі [Мәтін] : [қаланың тыныс-тіршілігі туралы] / Есмұхамбет Айтмағамбетов // Отбасы және денсаулық. – 2005. – № 2. – Б. 11–15.
139. Қосабайұлы, Жақан. Өмір ағысы тынбасын [Мәтін] : [Торғай өңірінің өткені мен бүгінгісі туралы сыр] / Ж. Қосабайұлы // Қостанай таңы. – 2005. – 19,20,22 сәуір..
140. Нүргелдина, О. Ақ армандар тоғысқан қала [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы] / О. Нүргелдина // Алға. – 2005. – №2 – 56 б..

141. Өмірбек, Жұмағали. Қастерлі де қасиетті орда [Мәтін] : [Арқалық қаласының 50 жылдығы қарсаңында] / Ж. Өмірбек // Торғай. – 2005. – 23 желтоқсан. – 4 б..

2003

142. Ілияс, Байтұрсын. Арқадағы Арқалық [Мәтін] : [Арқалық қаласы туралы] / Байтұрсын Ілияс // Егемен Қазақстан. – 2003. – 7 қаңтар. – Б. 5.

2002

143. Жүнісұлы, Жақсылық. Ардақты есімдер жайлы мағлұмат [Мәтін] : [Арқалықтың көне атаулары] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2002. – 19 қараша. – Б. 4..

2001

144. Байжан, Ахметхан. Азап апанындағы Арқалық [Мәтін] : [Арқалық қаласының бүгінгі тағдыры туралы] / Ахметхан Байжан // Жас Алаш. – 2001. – 5 мамыр. – Б. 2.
145. Бейсекеев, Сұлтанғали. Қызылқозы қалай игерілді? [Мәтін] : [Арқалық қаласының 45 жылдығына орай] / Сұлтанғали Бейсекеев // Торғай. – 2001. – № 40. – Б. 3.

1999

146. Аманжолова, Алма. Арқалықтың амандығын тілеймін [Мәтін] : [қаланың қазіргі жағдайы туралы] / Алма Аманжолова // Қостанай таңы. – 1999. – 18 желтоқсан. – Б. 4.

1997

147. Қалижан, Уәлихан. Торғай облысы не үшін таратылды? [Мәтін] : [торғай облысының жабылуы туралы ой] / У. Қалижан // Егемен Қазақстан. – 1997. – 24 сәуір.

1990

148. 23 қараша Торғай облысының құрылған күні [Мәтін] : [облыстың жиырма жылдық мерейтойы туралы] // Торғай таңы. – 1990. – 22 қараша..
149. Әбуғалиева, Т. Ұтымды жолды іздестірейік [Мәтін] : [Торғай облысын қайта ашу туралы] / Т. Әбуғалиева // Арқалық таңы. – 1990. – 12 шілде. – Б. 4.

150. Ел ағасына аманат [Мәтін] : [елбасына Торғай елі еңбекшілерінің хаты] // Қазақ тарихы. – 1990. – 12 шілде..
151. Қазақ ССР Жоғары Советінің Президиумында [Мәтін] : [Торғай, Маңғыстау облысын қалпына келтіру туралы] // Арқалық таңы. – 1990. – 18 тамыз..
152. Нұрманов, Жомарт. Арқалықтағы қауышу [Мәтін] : [ұшқыш-ғарышкер А. Соловьев пен А. Баландиннің Торғай жеріне қонуы туралы] / Жомарт Нұрманов // Арқалық таңы. – 1990. – 11 тамыз. – Б. 4.
153. Смағұлұлы, Ыдырыс. Торғай баршаңызға алғыс айтады [Мәтін] : [Торғай облысының қайта ашылу салтанатынан] / Ыдырыс Смағұлұлы // Арқалық таңы. – 1990. – 28 тамыз.
154. Тұрғынбекұлы, Серік.Қайтадан Торғай ашылды [Мәтін] : [өлеңдер] / С.Тұрғынбекұлы // Торғай таңы. – 1990. – 11 қыркүйек..

1980

155. Тәтімов, Мақаш. Халық санының қарышты өсімі [Мәтін] : [Торғай халқының саны туралы] / М. Тәтімов // Торғай таңы. – 1980. – 4 мамыр..

1977

156. Ларин, Вениамин.Торғайдың ақиқат пен аңыздары [Мәтін] : [өлкеміз туралы естелік] / В. Ларин // Жұлдыз. – 1977. – №7. – 153 – 163 б..

Есімдердің әліпбилік көрсеткіші

Аймағамбетұлы Р. 67
Айтмағамбетов Е. 138
Айткенов З. 114
Алпыс М. 29
Алматова С. 97, 98
Аманжолова А. 146
Аманжолов Е. 115
Амантайұлы Д. 22, 32, 46, 47,
48, 49, 50, 43, 46, 47, 48, 49, 50
Анасова А. 68
Асанов Ә. 29
Әбдікұлы Қ. 11
Әбдіғалиұлы Б. 91
Әбдірәсіл Ж. 116
Әбенев Б. 43
Әбуғалиева Т. 149
Әкбарқызы Б. 117
Әлмағамбетов Н. 1
Әлімғазина А. 42
Байжан А. 144
Байназаров Ғ. 19
Байқонақова Б. С. 4
Баймедиева Ғ. 128
Байтұрсын І. 142
Балахметқызы С. 118
Балғарин А. 57, 62
Бегалы А. 82
Бейсекеев С. 145
Бекмұхамедов Ғ. 81
Бектемісов А. 83
Боранбаев М. 119
Вениамин Л. 156
Ғалымбекұлы Ғ. 129, 130
Дильдаев. Г. 1
Досжан Х. 63,84,100, 101, 131,

132
Ділдабек Ж. 92
Ерназаров Т. 120, 121
Есмағамбетов Қ. 70, 71
Естай А. 85
Жақып Ә. 23
Жапарұлы М. 51, 72, 73,102
Жәрімбетова Н. 93, 125
Жоламан Н. 86
Жүнісұлы М. 4, 8, 9, 14, 15, 24,
25, 26, 27, 28, 35, 36, 37, 52, 53,
54, 55, 56, 64, 65, 66, 94, 103
Жүнісұлы Ж. 111, 122, 143
Ибадильдаев Т. 87
Ибрагимов А. 8
Калиева А. 5
Көркембаев Б. 2
Қағазбаева Ә. 133
Қайырбек А. 95
Қалижан У. 147
Қанғожин А. 20
Қарабаев М. 3
Қасенова Р. 134
Қияқбаева Р. Н. 4
Қиятова Ш. Ж. 4.
Қожахметұлы Е. 38
Қонысбай К. 58
Қосабайұлы Ж. 139
Қыдырбек Ә. 104,105
Қылышбайұлы Ә. 135
Макишев Р. 74
Манаспаев М. 112,113
Мәуленов С. 10
Молдахметұлы Қ. 123
Молдашұлы Б. 75

Мұқанов А. 16	Тәтіғұлов Ә. 34, 61
Мұстафин Қ. 10	Тәтімов М. 155
Науан Қ. 76	Терек Р. 40
Нәбиқызы А. 6	Тоқтарбаев Е. 110
Нұргелдина О. 140	Төкенұлы Ж. 124
Нұрман С. 88	Төреханова Е. 3
Нұрманов Ж. 152	Тұраш Б. 12, 13
Ордабай Б. 79	Тұрғынбекұлы С. 154
Өмірбек Ж. 77, 99, 106, 107,141	Хасенова З. 45
Рсаев Т. 7	Цвентух. Е.С. 2
Садықова Г. 136	Шайман С. 78
Садырбеков А. 10	Шәмші Ж. 90
Сансызбаев Е. 39	Шөкен М. 137
Сәлемов С. 3	Ыбырай Ә. 7, 17, 18, 21
Сейтқожина Г. 96	
Серікұлы А. 89	
Сералы М. 108	
Симонов П. 10	
Ситников, Л. А. 6	
Смағұлұлы Ы. 153	
Сомжүрек Ж. 109	
Сүлейменов Ж. 91	
Таткенова Ж. 30, 31	

Мазмұны

1. Құрастырушыдан.....	3
2. Торғай өңірінің орталығы – Арқалықтың қалыптасу шежіресі.....	4 – 8
3. Гүлденген Арқалық.....	9
4. Арқалықтың ақ таңы	9-10
5. Арқалық қаласы туралы әдебиеттер.....	11
6. Арқалық қаласы жайлы мерзімді басылымдарда.....	12 - 25
7. Есімдердің әліпбилік көрсеткіші.....	26 - 27

Шығ. жауапты: Ж. К. Абжанова
Құрастырушы: М. Г. Жумағалиева
Редакторы: С. А. Алматова

Басуға 17.11.2025 ж. қол қойылды.
Қаріп түрі: Times New Roman.
Басылымның көлемі: 7
Таралымы: 3 дана.

**Арқалық қаласындағы
облыстық №2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы.

Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.

E – mail:arkounb@mail.ru